

Кімге: Жетісу облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына

Автордың аты-жөні және лауазымы: Басши ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы Доманова Айнур Талғатқызы

Күні: 13.11.2024 ж.

АНАЛИТИКАЛЫҚ ЖАЗБА

Тақырыбы: Ауылдық жердегі жұмыссыздық мәселесі

Кілт сөздер: жұмыссыздық, өзін-өзі жұмыспен қамтығандар, жастар, мемлекет, еңбек ресурсы, бағдарлама, жалақы

Кіріспе.

Ауылдағы жұмыссыздық мәселесі бүгін ғана туындап отырған мәселенің бірі емес. Бүгінде жоғары оқу орнын аяқтап, түйіндемелерін көтеріп, жұмыс берушілердің есігін қағып жүрген көбінесе ауыл жастары екені мәлім. Өзі қалаған мамандықпен қоғам алдында өз орнын анық табу Қазақстан Республикасының әр азаматының міндеті болып табылады. Алайда, жұмыссыздық есебіне тіркелсе де мамандығы бойынша жұмыстың табылуы қиынға соғып жатқан ауылдар санына шек жоқ.

Мемлекетіміз ауылдың жұмыссыздық деңгейін төмендету мақсатында біршама жылдар көлемінде күресіп келе жатыр. Тәуелсіздік алған алғашқы жылдарға оралар болсақ, ауыл жағдайына мән беріп қаралмады. Керісінше, урбанизацияға көп көңіл бөлініп, ауыл халқын қалаға жаппай көшіру ауыл экономикасының дамуын тысқары қалдырды. Қалалық тұрғын болуды емес, ауыл тұрғыны болып қалуды таңдаған халықтың тең жартысы ежелгі мекендерін қимады. Үкіметтің басым бағытына айналып отырған ауыл экономикасының бүгінгі жағдайы қандай.

Ауыл адамдарының күн көрісінің басты құралы-мал шаруашылығы болып отыр. Қарарға малы жоқтар да баршылық. Жұмыс болған күннің өзінде маусыммен істейтін шаруалар. Мезгілдің ауысуы ауыл адамдарының жұмыс таппай, қыстан қымтырылып шығуына өз әсерін тигізіп жатады. Осындай өзекті мәселелер қатарын толықтыра отырып, ауылдағы жұмыссыздық себептерін анықтауға, мемлекет тарапынан аталған мәселеге айтарлықтай көңіл бөлініп жатырма, болашақтағы ауылдың күйі қалай болады деген сұрақтарды тақырыптың өзектілігі ретінде аламыз.

Негізгі бөлім. Ғаламтор ресурстарында жарияланған ақпараттарға сүйенетін болсақ, Қазақстанда 6936 ауылдық өңірлер шоғырланған. Яғни, халықтың 44%-ы ауылдық елді мекенді мекендеп жатыр. Ауылдағы

жұмыссыздық деңгейі 2024 жылдың қорытындысы бойынша жалпы ел бойынша ауылдық жерлердегі жұмыссыздық деңгейі 4,8% - құрады.[1] 2023 жылмен салыстырғанда ауыл халқының жұмыссыздығы біршама өскен. Бұлай цифрлардың жыл сайын өзгеруіне ауылдық өңірлердің халықты жұмыспен қамти алмауында. Неге? Мысалға, қалалық жерден жүздеген километрлер алшақ жатқан ауылды алар болсақ, ол ауылда 1 мектеп, 1 аурухана, бір әкімшілік, бір мәдениет үйі, бір почта, бір балабақша болады. Бұл реттілікпен біз ауылдың 10 нан 3 бөлігі ғана жұмыспен қамтылғанын, қалған 2 бөлігі өз-өзін жұмыспен қамтығандар санатына жатқызар болсақ ауылдың ахуалы төмен деңгейде екеніне көзіміз жетеді.

Саясат тұрғысынан ауылдың жағдайын көтермелеу мақсатында көптеген бағдарламалар жүзеге асырылып жатыр. Ауылға көңіл бөлу үлкен тиянақтылықты талап етеді. Беріліп жатқан көмек пен қаржының да сұрауы бар, оны қадағалау да үлкен жұмыс. Мемлекет тарапынан берілетін көмек ауылдағы жұмыссыздық деңгейін түбегейлі шеше қоймасы белгілі. Бірнеше себептерін алға тартар болсақ, ауылдық жерлердің жер бедерінің қолайсыздығы, өндірістік аймақтарға жақын немесе алыс орналасқандығы, су ресурстарының аз болуы немесе көп болуы, географиялық ортасының қолайлы болуына байланысты болуы мүмкін. Географиялық ортасының халыққа қолайлы болуы мемлекет бөлген субсидиялар арқасында экономикалық жағдайын жақсартта білді. Республика аймақтарының әр алуандығы халықтың бүгінгі әл ауқатына әсер етіп отырғаны рас. [2]

Басында баспанасы жоқ халық экономикасы дамыған қалаларға көшуге жүрексінеді. Оған қоса, әр шаңырақта қарт кісілердің болуы тәуекелге бармауды жөн санайды. Амалсыздан, ауылдық жерде күнкөрістің қамын жасауға тырысады. Көбіне, жұмысы жоқтық ауыл адамдарың бірқатарын ішкілікке салынып кетуіне ықпал етуде, тұрмыстың нашарлығы мен үйге тұрақты табыстың кірмеуі көп шаңырақтың ажырасып кетуіне әкеліп соғып жатыр. Демографияға әсері де жоқ емес. Материалдық жағдайы келмеген жастар отбасылы болуға жүрексініп, еліміздегі бойдақтар санын көбейтуде. Оқу орнын бітірген жас мамандардың жұмысқа кіруінде қиындатып тастады. Жаңа ғана оқу орнын бітірген түлектен жұмыс тәжірибесін сұрау трендке айналды десек қателеспейміз. Миға қонбайтын сұрақ. Осының салдарынан өз мамандығы бойынша жұмыс жасау мүмкін болмай, басқа саланың жетегінде кетіп жатыр, жұмыс таба алмағандары ауылға қайта барып жұмыссыздар есебін көбейтуде. Осы орайда қосып өту керек, өз мемлекетімізден қолдау таппаған жастар шетел асып кетіп жатқаны да көңілге кірбің түсіреді. Ауылдың дегредацияға ұшырауы, рухани азып, қиын жағдайға ұшырауы, айтылған факторлардың әсері. Шынында, қазір қазақ жастары инновациядан шеттетіліп отыр. [3]

Қазақстанда 2008 жылдан бастап қабылданған «Дипломмен ауылға» жобасы бүгінге дейін жүзеге асырылып келеді. Жобаның негізгі мақсаты – ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға келген денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет, спорт және агроөнеркәсіптік кешені саласындағы мамандарға әлеуметтік қолдау көрсету. [4] Осы бағдарлама бойынша жастардың ауылдық жерлерге жұмыс істеуіне құлшынысы аз. Ауылды көркейту керек, мамандардың жетіспеушілігін азайтуымыз керек, патриоттық сезімді отяуымыз керек дегенмен, ауылда тұру қиын жастарға қиынға соғып тұр. Аудан орталығына барып келу үшін жаман жолдармен жүруге тура келеді, арықтың суын ішуге тура келеді дегендей. Төрт түлік малмен айналысып жүргендер мен өз өзін қамтамасыз етіп отырғандар. "Ең маңызды мәселе – ауылдағы жастарға жағдай жасап, оларды жұмыспен қамтамасыз ету. Әйтпесе бақылаусыз миграция мен урбанизацияға ұшырап, соның салдарынан күрделі әлеуметтік және саяси мәселелерді шешуімізге тура келуі мүмкін. Міне, біз осындай қиыншылықтарды көре бастадық. Әсіресе бұл ірі қалаларда байқалуда. Осы мәселелер мемлекеттік органдардың ұдайы назарында болуы керек", – деді Президент. [5]

Бұл талдауымыздың маңыздылығы қандай мамандық түрін таңдауда емес. Өз салаңда білікті маман болсаң, заман талабына сай қажеттілік тудырасың. Мысалға, елімізде автомашина саласында білім алған мамандар жетерлік, алайда бұл сала төңірегінде тәжірбие жинайтын өндіріс орындары жоқтың қасы. Тәжірбие алмасып көрмеген маманнан қандай жұмысшы шығады. Біздің менталитеміз де ұяңдық, жалқаулық бар. Ауылдағы жастардың белсенділігі мықты болуы керек. Осы ретте баланы кішкентай кезінен бастап пара алмауға үйрету керек деп ойлаймын. Біздің қоғамда жемқорлықтың белең алып тұруы жұмыссыздық мәселесінің бір бөлігін ақсатып тұр. Ақпарат әлеміне қарасақ қоғам пара алудан ұялмайтындай дәрежеге жетіп отыр, Бұл дегеніміз жұмыс беруші мен жұмыс алушының арасында да осы байланыс бар. Кімнің ақшасы бар, кімнің танысы бар сол ғана жұмыскер статусын ала алатын болып кетті. Менің ойымша, жемқорлықтан қорықпаған қоғамның болашағы қуанта қоймайды.

Еңбек өнімділігінің деңгейі қуантарлықтай емес. Басқа мемлекеттермен салыстырғанда Австралия, Аргентина, Канада, Швеция сияқты дамыған елдерде халықтың 80-90 пайызы қалалық өңірлерде шоғырланған. [6] Осындай үлкен көрсеткішті көрсетіп отырса да ауылдық жерлері мемлекеттерін азық-түлік және басқа да дүниелермен қамтамасыз етіп отыр. Ал, біздегі көрініс басқаша. Ауылдағы өнімді дамытып, қалаға алып келудің орнына басқа елдердің импортын дамытып отырған жайымыз бар. Олай жасамасқа біздің амалымыз жоқ. Ауылдардағы еңбек өнімділігінің күші елімізді қамтамасыз етуге жеткіліксіз күйде. Бізде егіннің өзі дұрыс егілмей

жатады. Көптеген жарамды жерлер босқа пайдаланылмай жатыр. Оны пайдаға асыратын маман тапшы. Еңбек өнімділігін ауыл тұрғындар кем дегенде 10 пайызға дейін арттырар болса жұмыс ресурстары көбейер ма еді. Әйтпесе, ауылдан қашып, қалада тұратындар саны артуы әбден мүмкін.

Ауылдағы жұмыссыздық мәселесін шешудің маңыздылығы 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте- Мәселені шешудің маңыздылығы

Артықшылықтары	Кемшіліктері
Өмірлік қанағаттанушылық; Кәсіби жетістіктер; Тұрақтылық пен сенімділік; Экономикалық тәуелсіздік;	Стресске түсу; Кедейшіліктің артуы;
Мүмкіндіктері	Қауіптіліктері
Қоғамдық бедел; Тұрақты табыстың болуы; Халықтың жағдайының жақсаруы ; Мемлекет беделі;	Жаман жолға түсіп кету; Жеңіл жолмен ақша табу; Лудомания; Ауылдық өңірлердің артта қалуы;

Қорытынды. Ауыл шаруашылығын цифрландыру аясында жұмыссыздық мәселесінің түбірін жою үшін арнайы тетіктерді қосуға бағытталу керек. 21-ғасырда жұмыссыз жүру кімге болсын оңайға соқпайды. Жұмыстың жоқтығы табыстың келуіне қарама қайшы. Бір сөзбен келтірсек күнделікті барып келіп жасайтын жұмысың болғанға, айлық алып, отбасыңды қиындықсыз асырағанға не жетсін? Көнеден келе жатқан ауыл халқы болашақта азбасын десек, ертерек қамданудың жолын көрсетсек игі болар еді.

Ұсынымдар. Ауылдағы жұмыссыздық мәселесімен күрес барысында жүргізіліп жатқан іс-шаралардың басым бағыттарын алға тарта отырып, бірінші кезекте ауылдық инфраструктураны дамытуды кезек күттірмес мәселелердің алдына қою қажет. Түрлі саладағы мамандар ауылға барып қызмет етіп, ауылды көркейтуі үшін мамандарға деген жағдай жасалынса патриоттық сезімді оятып кімде болсын қызметін бастауға дайын болары сөзсіз. Ауылдың мәдени ошақтарын қайта іске қостыруға атсалысу, туындаған әрбір қиындыққа мемлекет көмектесу қажет деген ұстанымды алып тастап, халықта мемлекеттің бір жағына шықса екен дейміз. Шындығында мемлекет әрекетсіз отырған жоқ. Бұл мәселе төңірегінде ұлттық бағдарламалар жүзеге асу үшін басталған іс аяқсыз қалмаса игі еді. Халық та қарап отырмасы анық, мемлекет бөліп отырған субсидиялар мен кәсіпкерлік мақсатында беріліп жатқан несиелерді пайдасына асырып отырғандарға айып жоқ. Алайда,

халыққа түсіндірме жұмыстары дұрыс жүргізілмеуінің әсерінен бұндай тәуекелдерге баруға жүрексінері анық. Мемлекеттің алдында тұрған басты міндет-ауыл тұрғындарының кәсіпкерлік әлеуетін арттыра отырып, жергілікті шикізатпен қолдану арқылы өнім алу. Осы арқылы жаңадан жұмыс орындарын ашу, ауыл өмірін жақсарта отырып, тұрақты табыспен қамтамасыз ету.

Пайдаланған дереккөздер тізімі:

1. <https://zhasalash.kz/news/zhumyssyzdyq-dengeji-auylda-zhogary-24747/>
2. <http://nlib.library.kz/elib/Sait/%>
3. <https://ortalyq.kz/051120182108-2/>
4. <https://abai.kz/post/8303>
5. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau/press/news/details/696474>
6. <https://www.gov.kz/memleket/entities/mangystau/press/news/details/696474>